

**КОМПЛАЕНС БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ**  
**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ**

---



«Азаматтарға арналған үкімет»  
мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ  
мемлекеттік сатып алулар  
саласындағы сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу  
туралы  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Астана қ. 2022 ж.



## Мазмұны

1.	Талдау жүргізу негіздемесі	3
2.	Талдау жүргізудің мақсаты мен көлемі	3
3.	Сипаттама бөлімі	3
4.	Ақпараттық-талдау бөлімі	5
5.	Қорытынды	16
6.	Анықталған тәуекелдер	17
7.	Талдамалық анықтаманы жіберу	18
8.	№ 1 кесте. 2020-2022 жж. бұзушылықтардың түрлері	19
9.	№ 2 кесте. 2020-2022 жж. сатып алу сомасы	19
	№ 3 кесте. 2020-2022 жж. бұзушылықтар сомасы	19
10.		
11.	№ 4 кесте. 2020-2022 жж. ҚБ/Филиалдар бойынша бұзушылықтардың атауы	20
12.	№ 5 кесте. 2018-2022 жж. ҚБ/Филиалдар бойынша ІАҚ бұзушылықтарының атауы	21
13.	№ 6 кесте. 2020-2022 жж. соттар қараған істер саны	22
14.	№ 7 кесте. Талап-арыздың мәні	23
15.	№ 8 кесте. 2020-2022 жж. Мемлекеттік корпорацияға қойылған талап-арыздар	23
16.	№ 9 кесте. 2020-2021 жж. Мемлекеттік корпорацияға өнім берушілердің талап-арыздары	23



## **1. Талдау жүргізу негіздемесі**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) Басқарма төрағасының 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 569 н/қ бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мемлекеттік сатып алу саласында ішкі талдау жүргізілді.

## **2. Талдау жүргізудің мақсаты мен көлемі**

Талдау жүргізудің мақсаты уақтылы алдын алу шараларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін митигациялауға және оларды іске асырудан болатын ықтимал зиянның шамасын азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу үшін мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметін қозғайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды 6 мүшеден тұратын жұмыс тобы 2018 жылғы 1 қаңтар мен 2022 жылғы 31 шілде аралығы кезең үшін жүргізеді.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік сатып алуды жүргізуге тартылған Орталық аппарат пен филиалдардың барлық құрылымдық бөлімшелері тексеруге қамтылған.

## **3. Сипаттама бөлімі**

Осы талдау келесі бағыттар бойынша мәліметтерді жинау және қорытындылау барысында құрылымдық бөлімшелерден алынған ақпарат негізінде жүргізілді:

- 1) Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар мен құқықтық актілер;
- 2) бұрын мемлекеттік органдар жүргізген, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жүргізілген тексеру нәтижелері;
- 3) Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің аудиторлық тексерулерінің нәтижелері;
- 4) мемлекеттік сатып алу саласындағы Мемлекеттік корпорация туралы жағымсыз мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялау;
- 5) жұмыскерлердің сұхбаты;
- 6) Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық актілері мен ішкі нормативтік құжаттарын тексеру;
- 7) сот органдарының шешімдері.

Талдаудың негізгі мәні камералдық бақылау барысында, сондай-ақ ішкі аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар болды.



Жол берілген негізгі бұзушылықтар техникалық ерекшеліктерді, конкурстық құжаттаманы (бұдан әрі – ТЕ, КҚ тиісінше) дұрыс әзірлемеу, дұрыс орналастырмау, атап айтқанда «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – ҚР Заңы) 43-бабының Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күн болуға тиіс екені көзделген 22-тармағының талаптарын, сондай-ақ ҚР Заңының 4-бабының әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу (КҚ мен ТЕ-ны тек орыс немесе қазақ тілдерінде орналастыру, сондай-ақ лоттың атауын дұрыс көрсетпеу) көзделген 2), 3) тармақшаларының талаптарын бұзу болып табылады.

ҚР Заңының 9-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы талаптарының бұзылуы, онда мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін біліктілік талаптарын белгілеуге, атап айтқанда әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттарды белгілеуге жол берілмейді, алайды бұл бұзушылықтар заңсыз сипатта болады, сол себепті олар жеке бұзушылықтар түріне бөлінген.

Сонымен бірге Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағын бұзушылықтарға да назар аударылды (2020 жылғы жағдай бойынша Қағидалардың редакциясы), онда егер әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосаоқы мердігері немесе бірлесіп орындаушы біліктілік талаптарға сәйкес келмейтін болып айқындалса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға жіберілмейтіні (конкурсқа қатысушы деп танылмайды) көзделген.

Осылайша, бұл бұзушылықтарды белгілі бір әлеуетті жеткізушіні сатып алу бастамашысының мүдделік қолдауы - әлеуетті тәуекел ретінде сипаттауға болады.

#### **4. Ақпараттық-талдау бөлімі**

4.1. Мемлекеттік корпорацияның 2020 жыл мен 2022 жылғы шілде аралығы кезеңінде мемлекеттік сатып алу саласындағы шарттарының жалпы саны 22 616 шартты құрады, жалпы сомасы 86 756 387 256,79 теңге (№ 2 кесте). Оның ішінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі - Уәкілетті орган) камералдық тексерулерінің нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген кезеңде заңнама талаптарын бұза отырып, 1 355 408 740 теңге сомасына немесе мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасының 1,6% - на шарттар жасалған (№3 кесте), атап айтқанда:



- 2020 жылы - 1 057 134 516 теңге, бұл 2020 жылғы жалпы соманың 3,8% құрайды.;

- 2021 жылы - 156 124 919 теңге , бұл 2021 жылғы жалпы соманың 1% - дан (0,5%) аз;

- 2022 жылғы 7 айда - 142 149 305 теңге, бұл да 2022 жылғы жалпы соманың 1% - дан (0,5%) кемін құрайды.

Жасалған шарттардың сомалары бойынша анықталған бұзушылықтардың ең көп саны:

- Орталық аппаратта сомасы 808 179 279 теңгеге немесе бұзушылықтардың жалпы сомасының 3,90% ;

- Атырау облысында сомасы 114 294 492 теңгеге немесе бұзушылықтардың жалпы сомасының 8,62% ;

- Ақмола облысында сомасы 72 304 016 теңгеге немесе бұзушылықтардың жалпы сомасының 5,45%;

- Шығыс Қазақстан облысында сомасы 51 777 475 теңгеге немесе бұзушылықтардың жалпы сомасының 3,90%.

2020 жылдан бастап 2022 жылғы шілдеге дейінгі кезеңде уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бөлігінде 61 бұзушылықты анықтады (№1 кесте), олар мынадай негізгі түрлерге бөлінген:

- әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін жағдайлардың анықталуы - 14 бұзушылық;

- біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілердің конкурсқа жіберілуі -7 бұзушылық;

- жұмыстарды орындау құнын арттыру - 4 бұзушылық;

- тапсырыс беруші сатып алу әдісін дұрыс таңдамауы - 6 бұзушылық;

- комиссия мүшелерінің конкурстық құжаттаманы сапасыз қарауы - 1 бұзушылық;

- ТЕ және КҚ дұрыс әзірлемеу, орналастыру - 29 бұзушылық.

Ең жиі жол берілетін бұзушылықтар – ТЕ және КҚ дұрыс әзірлемеу, орналастыру - 29 бұзушылық, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін жағдайлардың анықталуы - 14 бұзушылық.;

Ең көп бұзушылықтарға Атырау облысы бойынша филиалында жол берілді. 2020-2022 жылдары арлығы кезеңінде 12 бұзушылық орын алды, оның ішінде 7 бұзушылық, яғни 50% - дан астамы - ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру.

Бұдан әрі 2020-2021 жылдары жол берілген бұзушылықтар саны бойынша Мемлекеттік корпорацияның Орталық аппараты жұмыскерлері 7 бұзушылыққа жол берген, оның ішінде 6 бұзушылық, яғни 85% - бұл біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілердің конкурсқа жіберілуі.



Ақмола және Павлодар облыстары филиалдарында 6 бұзушылық жол берілген, оның ішінде 6 бұзушылық, яғни 50% (2 - Ақмола және 4 - Павлодар), бұл ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлеу, орналастыру,

3 бұзушылық немесе 25% (2 - Ақмола және 1 - Павлодар) - әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттарды белгілеу. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалында 2020-2022 жылдары 5 бұзушылыққа жол берілген, оның 4 немесе 80%-ы ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлеу және орналастыру болып табылады. Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалында 2020-2022 жылдары 4 бұзушылық жол берілген, оның 2 немесе 50%-ы да ТЕ және КҚ дұрыс емес әзірлеу, орналастыру және 2 бұзушылық - әлеуетті жеткізушілердің санын шектейтін ретінде шарттарды белгілеу.

Осылайша, 61 дің ішінде 40 бұзушылық немесе барлық бұзушылықтардың 65,5%-ы 16 филиалдың ішінде 6 филиалында орын алды. Қалған филиалдарда бір-үшке дейін бұзушылыққа жол берілген, толық сипаттамасы осы Талдамалық анықтамадағы №4 кестеде көрсетілген.

4.2. Сонымен уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтардың негізгі себептері адамы фактор болып табылады, олар: мемлекеттік сатып алуды өткізу кезіндегі Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің ұқыпсыздығы, сатып алудың мәнін және оның техникалық сипаттамаларын жеткілікті білмеуі немесе олардың бастамашы ретіндегі, МСД/МСБ жұмыскерлерінің, сондай-ақ конкурстық комиссия мүшелерінің ықтимал мүдделілігі, мысалы:

1) «Қаржылық есептілік аудитін жүргізу жөніндегі қызметтер» № 29541154-ОК3 лоты бойынша 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 710000000-4-6-112685 камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық комиссия мүшелері «Эрнст энд Янг» ЖШС және «Crowe Audit KZ» ЖШС болып конкурсқа қатысушылар болып танылған;

2) «Геодезиялық жерсеріктік қабылдағыш» № 29650725-ОК1 лоты бойынша 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 231010000-1-9-83076 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама. Тапсырыс беруші «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 21-бабы 2-тармағының 5) тармақшасын және 43-бабы 22) тармақшасын (мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің ең аз мерзімі тауарды жеткізуге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге жұмсалған мерзімнен кем болмауы тиіс, бірақ күнтізбелік он бес күннен кем емес) бұзып, тауарды жеткізу мерзімі нақты белгіленбеген, оның орнына шарттың талаптарына сәйкес деп көрсетілген.

3) «Тас көмір» № 29711026-ЗЦП2 лоты бойынша 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 351010000-ЗЦП-11-107619 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама. Тапсырыс беруші «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы



Заңының 42-бабының 1-тармағын бұзып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жариялаған, ал сатып алу тауар биржалары арқылы қосарланған қарсы аукцион режимінде жүргізілуі тиіс.

4) «Аккумулятор» № 551010000-ЗЦП-11-111560 лоты бойынша 2020 жылғы 30 қарашадағы № 29396444-ЗЦП2 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама. Тапсырыс беруші «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 38-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын бұзып, Ресей Федерациясының стандартын көрсеткен, ол жерде ұлттық стандарттар көрсетілуі тиіс болатын, ал ұлттық стандарттар болмаған жағдайда, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттар көрсетілуі тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда, мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетілуі тиіс.

Осылайша, талдау Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшелерінде (сатып алу бастамашыларында) техникалық ерекшеліктерді әзірлеу, жеткізілетін тауарларға техникалық сипаттамалар мен өзге де талаптарды көрсету бөлігінде басшылар тарапынан жеткіліксіз бақылау жүргізілетінін не сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге қойылатын техникалық талаптар бөлігінде құрылымдық бөлімшелер жұмыскерлерінің білімінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Сондай-ақ Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі регламенттің (бұдан әрі – Регламент) 5.5.4-тармағына сәйкес, сатып алу бастамашысы оны ҚР мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес келтіру үшін МСБ-ға техникалық ерекшелікті береді, алайда анықталған бұзушылықтар да МСБ тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігін көрсетеді.

*Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін* өнім берушілерді конкурстарға жіберу фактілеріне ерекше назар аудару қажет, атап айтқанда конкурстық комиссия мүшелері әлеуетті өнім берушілер ұсынған құжаттарды зерделеу үшін жеткілікті көңіл бөлмейді. «VMware Certified Professional Data Center Virtualization 2019» сертификаты талап етілетін жұмыскердің бар екендігін растау үшін бір жұмыскерге құжаттарды ұсынған «Фактум Компаниясы» ЖШС және «Радикс Компаниялар тобы» ЖШС екі әлеуетті өнім берушіден құжаттарды қабылдау фактісі ерекше мысал бола алады. Бұл фактіні уәкілетті орган шағым негізінде камералдық бақылау барысында анықтады, яғни конкурстық өтінімді үшінші тұлғалар зерделеп, сәйкессіздікті анықтаған, ал мұндай фактілерді әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау кезінде конкурстық комиссия мүшелері дербес анықтауы және жоюы тиіс.

Сонымен бірге Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің осы бұзушылықтарға мүдделілігін дәлелдеу немесе жоққа шығару мүмкін



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

еместігін ескере отырып, осы ескертулерді ескеру және осы әрекеттердің қайталануына жол бермеу ұсынылады.

Техникалық ерекшеліктерді жасау кезінде де, МСБ тарапынан заңнаманың сәйкестігін тексеру кезінде де бұзушылықтар анықталған жоқ, сондай-ақ жұмыскерлер мен конкурстық комиссия мүшелерінің қолда бар бақылау құралдары мен біліктілігі мұндай фактілерге жол бермеу үшін жеткіліксіз болып табылады.

Жоғарыда аталған және жол берілген барлық бұзушылықтар Мемлекеттік корпорацияның беделіне теріс әсер етуі және әлеуетті өнім берушілер мен Қазақстан Республикасы халқының сенімсіздігін тудыруы мүмкін.

**Ескертпе:** Уәкілетті орган бекітілген тәуекел бейіндеріне сәйкес автоматтандырылған тексеру жүргізетінін ескере отырып және Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметі жүргізген кезде 2020-2022 ж.ж. 4 филиал бойынша мемлекеттік сатып алуларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдауды ұйымдастыру бөлігінде кем дегенде қосымша 28 бұзушылық фактісі анықталғанын ескере отырып, уәкілетті орган бұзушылықтардың бір бөлігін уақытылы жоймады деген қорытынды жасауға болады.

Есептеу  $28/4*20=140$  бұзушылық формуласына сәйкес жүргізілді, мұнда 28 бұзушылықтар саны, 2022 жылғы маусымдағы жағдай бойынша 20 ҚБ мен филиалдар саны, сондай ақ, бұл да жасалған шарттардың жалпы санының 1% - дан (0,62) кемін құрайды.

Аудиторлық есептерге сәйкес, анықталған бұзушылықтар келесідей көрсетілген:

Сомасы 120 мың теңгеге КЕ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалы (ХҚКО) үшін өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау жөніндегі қызметті» сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша техникалық ерекшеліктің сақталуын растайтын құжаттар жоқ, атап айтқанда: Саны 190 дана өрт сөндіргішті қайта зарядтау (ОП-5 (ұнтақ) – 142 дана, ОУ-5 (көмірқышқыл газы) – 48 дана). Өнім беруші қызмет көрсету аяқталғаннан кейін тиісті құжаттарды бере отырып, өрт сөндіргіштерді паспорттауды және куәландыруды жүргізуі тиіс.

Осыған ұқсас материалдар жалпы сомасы 355 045 мың теңгеге (2020 ж.-164 041 мың теңге, 2021 ж. (7 ай) – 191 004 мың теңге) 2020, 2021 жылдардағы шарттар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша көрсетілді.

Жұмыстың орындалғанын растайтын құжаттарсыз шарттар бойынша төлем жасау сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігінің болуы мүмкін екендігінің жарқын мысалы болып табылады, қылмыстық іс бойынша мысал төменде көрсетілген.

4.3. Талдауда ішкі аудиторлық тексерулердің қорытындысы бойынша бұзушылықтар қамтылған, атап айтқанда 2019 жыл мен 2022 жыл аралығы кезеңінде Мемлекеттік корпорацияның төрт филиалында 117 бұзушылық сипатталған ( № 5 кесте).

Негізгі бұзушылықтар:

– техникалық сипаттамада көзделген жұмыстарды, қызметтерді орындау туралы Тапсырыс беруші бекіткен/келіскен құжаттардың/есептердің болмауы - 55 бұзушылық;





- баға нарығын тиісті талдаусыз және/немесе маңызды техникалық сипаттамасыз бір көзден сатып алу - 14 бұзушылық;
- техникалық сипаттаманы қате құрастыру – 11 бұзушылық;
- сатып алуды дұрыс жоспарламау – 11 бұзушылық;
- өнім берушінің конкурстық құжаттама мен техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмеуі;
- сатып алу тәсілін дұрыс таңдамау - 4 бұзушылық.

Мәселен, 2018-2022 жылдар аралығы кезеңінде Алматы қаласы бойынша филиалда 62 бұзушылық сипатталған, оның ішінде: 2018 жылы 2 бұзушылыққа, 2019 жылы 41 бұзушылыққа, 2020 жылы 14 бұзушылыққа және 2021 жылы 5 бұзушылыққа жол берілген.

2018-2020 жылдар аралығы кезеңінде Астана қаласы бойынша филиалда 35 бұзушылық анықталған, оның ішінде: 2018 жылы 1 бұзушылыққа, 2019 жылы 12 бұзушылыққа, 2020 жылы 22 бұзушылыққа жол берілген.

2018-2022 жылдар аралығы кезеңінде Шымкент қаласы бойынша филиалда мемлекеттік сатып алу бөлігінде 19 бұзушылық анықталған, оның ішінде: 2018 жылы 2 бұзушылыққа, 2019 жылы 6 бұзушылыққа, 2020 жылы 7 бұзушылыққа, 2021 жылы 3 бұзушылыққа және 2021 жылы 1 бұзушылыққа жол берілген.

Техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау саласында Мемлекеттік корпорацияның Алматы қаласындағы филиалы - Агрехимиялық, топырақ зерттеу және кешенді іздестіру жұмысы департаментінде (бұдан әрі – АТЗжКІЖД) бір бұзушылыққа жол берілген.

Жеңімпаз анықталғанға дейін, шарттар орындалғанға дейін жойылған сатып алу рәсімдерін жүргізу кезіндегі жоғарыда сипатталған бұзушылықтардан айырмашылығы, аудиторлық есептерде көрсетілгендер мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша анықталған, бұл Мемлекеттік корпорация үшін нақты қаржылық залалға, сатып алуды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың анықталуына, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация үшін беделіне келетін тәуекелдердің арттырылуына әкелуі мүмкін.

1) Мемлекеттік корпорация мен «Алға-Kz» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі арасында сомасы 59 880 мың теңгеге (оның ішінде Алматы қаласы филиалы бойынша сомасы 28 376 мың теңге) «Ғимараттарды/орынжайларды/аумақтарды және ұқсас объектілерді жинау жөніндегі қызметті» сатып алу бойынша жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша техникалық сипаттаманың орындалғанын растайтын құжаттар жоқ.

2) Алматы қаласы бойынша филиал мен «SCOPE GROUP» ЖШС арасында сомасы 23 944 мың теңгеге «ЖЖМ-мен автокөлікті жалға алуды»



сатып алу бойынша жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жол парақтары жоқ, ал техникалық сипаттамада жалға берушінің ұйымның мөрі бар дұрыс толтырылған жол парақтарын ұсыну міндеті қарастырылған.

3) Бір көзден сатып алу, негізінен, ғимараттарды жалға алу шарттары бойынша жасалады. Мәселен, 2019 - 2021 жылдары филиал бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жыл сайын ғимараттарды/орынжайларды жалға беру қызметтерін сатып алады. Нарықтағы бағаны талдаудың ресми тәсілі байқалады, филиал бюджет шығындарын үнемдеу және оңтайландыру мақсатында, ғимараттарды/орынжайларды жалға алудың балама нұсқаларын іздеуді жүргізбейді. Алматы қаласы бойынша филиалда ғимараттарды/орынжайларды жалдау шарттарын тиісті жасасу процесі мен рәсімдері жоқ, мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы және әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру мақсатында, алқалы қарау және ғимараттарды/орынжайларды жалдау шарттарын жасасу бойынша шешім қабылдау үшін жұмыс органы (комиссия немесе басқа орган) құрылмаған.

Техникалық сипаттамаларда, негізінен, алаңның мөлшері мен жалдау мерзімі (қызмет көрсету мерзімі) көрсетілген, бұл ретте ғимаратқа/орынжайға елеулі, маңызды сипаттамалар мен талаптар көзделмеген, олардың ішінде: алаңның мөлшері, қабаттылығы, кабинеттер мен санитарлық тораптардың саны, санитарлық жағдайлар, температуралық режим, қысқы уақытта және жазғы уақытта температуралық режимді қамтамасыз ететін ауа баптау жүйесінің, жылыту жүйесінің болуы және т. б.

4) Өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкессіздігі бөлігінде. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 10-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын сақтамау, № 3860101-ОК1 қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес, сомасы 10 820 мың теңгеге «Кеңсе техникасына, қосалқы бөлшектерді ауыстырумен тораптар мен агрегаттарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтерін сатып алу» бойынша № 29078917-ОК1 лоты бойынша, Әлеуетті өнім беруші «SERMAD COMPANY» компаниясы құжаттары қажетті еңбек ресурстарының талаптарына сәйкес келмесе де, жеңімпаз болып айқындалған. Мәселен, «Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы» 4-тармағында (конкурстық құжаттамаға 1-4-қосымша) еңбек ресурстарының болуы бойынша талаптар қарастырылған - «Перифериялық техниканы техникалық қолдау саласындағы білікті мамандар» (саны - 2), бұл ретте SERMAD COMPANY ұсынған 2 (екі) маманның ішінде, 1 (бір) маманда «Ақпараттық жүйелер» (инженерлік қызметтегі) жоғары білім туралы дипломы бар, сондай-ақ сатып алынатын «Кеңсе техникасына, қосалқы бөлшектерді ауыстырумен тораптар мен агрегаттарға техникалық қызмет



көрсету және жөндеу қызметтерін сатып алу» қызметі ескеріле отырып, бұл көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді.

5) Дұрыс емес жоспарлау бөлігіндегі бұзушылықтарға қатысты.

Комплаенс бақылау қызметі Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит комитетінің дұрыс емес жоспарлау мәселесіне қатысты тапсырмасын орындау шеңберінде, материалдарды қарап, оның барысында мыналар анықталды: тауарларды сатып алуды жоспарлау Мемлекеттік корпорацияның Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің баға анықтамалығына сәйкес жүргізілген.

Өткізілген тексеру арқылы алдағы жылға сатып алуды жоспарлауды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін екендігі анықталды, бұл ретте оларды іске асырылуында тәуекелдер өте аз болады, себебі сатып алу рәсімі ашық және мемлекеттік сатып алудың барлық қатысушыларына қолжетімді болып табылады.

Сонымен қатар сатып алу Бағалар анықтамалығында немесе сатып алу жоспарында көрсетілгеннен төмен құны бойынша жүзеге асырылды, сондай-ақ сатып алу рәсімін талдау нәтижелері бойынша сатып алуларға өзара аффилиирленуі белгіленбеген әлеуетті өнім берушілердің жеткілікті саны қатысқаны анықталды.

Бұл ретте аудиторлық есепте көрсетілген басқа филиалдармен салыстырғанда, Мемлекеттік корпорацияның Баға анықтамалығындағы тауардың жоғары бағалары сатып алынатын тауарлар бағасының тиісінше пысықталмағанын көрсетеді.

Мемлекеттік корпорация сатып алынатын тауарларға баға анықтамалығында дұрыс емес бағаны қалыптастыру негізсіз шығындарға және Мемлекеттік корпорация бюджетінің ұлғаюына әкеледі.

4.4. Мұндай бұзушылықтардан жеке басына пайда алу фактілері анықталған немесе өзіне немесе жеткілікті дәлелдер болып, үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында, қасақана іс-әрекеттер жасаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы 2-бөлімінің «Ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану немесе мемлекеттік сатып алу саласында жасалған алаяқтық» делінген 5-тармақшасымен жауапкершілік көзделген. Сонымен қатар қылмыс жасау тәсілі мен мақсатына қарай Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің іс-әрекеттері «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану» 361-бабы, «Пара алу» 366-бабы, «Қызметтік жалғандық жасау» 369-бабы, «Заңсыз сыйақы алу» 247-бабы, «Алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен мүліктік залал келтіру» 195-бабы бойынша қосымша саралануы мүмкін және т. б.

Сондай-ақ жауапкершілік Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚБтК) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу» 207-бабында, «Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген



тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы» 677-бабында көзделген, ол үшін ең жоғары жаза 600 (алты жүз) АЕК мөлшерінде көзделген.

Айта кету керек, ҚР ӘҚБтК-нің 207-бабының 1-ден 8-ге дейінгі және 10-нан 13-ке дейінгі бөлімдерінде, сондай-ақ 15-бөліміндегі әкімшілік жауапкершілік субъектісі лауазымды тұлға (лауазымды адам бапқа байланысты айқындалады) болып табылады, сондықтан Мемлекеттік корпорацияның конкурстық комиссияларының мүшелері, сондай-ақ хатшысы атқаратын лауазымына қарамастан лауазымды тұлғалар болып танылуы мүмкін.

4.5. Аудит барысында мүдделер қақтығысы фактілері де анықталды, мысалы, конкурстық комиссияның барлық үш мүшесінің мүдделер қақтығысы болды: біреуі - Конкурстық комиссияның төрағасы - Алматы қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Мемлекеттік сатып алу басқармасына жетекшілік еткен (лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес), конкурстық комиссияның екі мүшесі – Мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмыскерлері, яғни басшының қызметіне тәуелділер.

Сонымен қатар конкурстық комиссияның қызметіндегі мүдделер қақтығысы Мемлекеттік корпорацияның Орталық аппараты сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде де анықталғанын атап өткен жөн, Регламенттің 5-тармағында сатып алу бастамашысы өтінім үшін мен техникалық ерекшелікте көрсетілген мәліметтер үшін жауаптылықта болады, яғни оны әзірлейді немесе өз түзетулерін енгізеді, одан әрі Регламенттің 5.6.2 және 5.6.3-тармағына сәйкес, бастамашы конкурс тәсілімен ТЖҚ мемлекеттік сатып алу кезінде Регламенттің 5.5.2-тармағында көзделген өтінімде конкурстық (аукциондық) комиссияның құрамына енгізу үшін төрағаны және өзінің өкілін (өкілдерін) көрсетуі тиіс.

Жұмыс тобы мүшесінің (Мемлекеттік сатып алу департаменті жұмыскерінің) жүргізген сұхбатынан, тәжірибеге сәйкес, конкурстық комиссияның құрамы мүшелердің тақ санынан, негізінен, бес мүшеден тұрады, оның ішінде «Міндеттерді бөлу туралы» Мемлекеттік корпорацияның бұйрығына сәйкес Төрағаның орынбасары (сатып алу нысанасының бағытына жетекшілік ететін) конкурстық комиссияның төрағасы болып табылады, бастамашы, сатып алу бастамашысының өкілі, сондай-ақ міндетті түрде ҚҚД-ның бір өкілі және МСД-ның бір өкілі.

Осылайша, мүдделер қақтығысының болуы бөлігіндегі ІАҚ қорытындылары Мемлекеттік корпорацияның Орталық аппаратының қызметінде де өз растауын тапты, себебі конкурс тәсілімен сатып алуды өткізу кезінде конкурстық комиссияның үш мүшесі техникалық ерекшелікті әзірлеуден бастап конкурстық комиссия құрамында шешім қабылдауға дейінгі сатып алудың барлық кезеңдерінде ҚҚД мен МСД өкілдерінің пікіріне



қарамастан мемлекеттік сатып алу қорытындыларына тікелей әсер ете алатын болған.

4.6. Мемлекеттік корпорацияның Павлодар облысы бойынша филиалының (бұдан әрі - Павлодар филиалы) жұмыскерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық іске ерекше назар аудару қажет.

Ұсынымға сәйкес (2022 жылғы 01 маусымдағы кіріс № 03-14-04-07/16337) Павлодар облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ҚР ҚК 195-бабы 2-тармағының 4-бөлімі бойынша № 225500131000021 қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтады (ұрлық белгілері болмаған кезде алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы мүліктің меншік иесіне немесе өзге де иесіне мүліктік залал келтіру).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде 2021 жылы Павлодар филиалының лауазымды тұлғалары «Trans Light» ЖШС өкілімен бірлесіп, Мемлекеттік корпорацияның Павлодар, Железин, Теренкөл және Шарбақты аудандары филиалдарының ғимараттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыстарды нақты толық көлемде орындамай, ағымдағы жөндеу бойынша орындалған жұмыстардың актілеріне қол қойғаны анықталды.

Павлодар филиалының жауапты тұлғаларының, «Trans Light» ЖШС өкілінің өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауларының нәтижесінде Мемлекеттік корпорацияға жалпы сомасы 5 823 201 теңгеге мүліктік залал келтірілді.

2022 жылғы 30 сәуірде қылмыстық іс материалдары бойынша рақымшылық жасау актісі (ақталмайтын негіздемелер бойынша) салдарынан «Trans Light» ЖШС өкілі мен Павлодар филиалының жауапты тұлғаларына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы шешім қабылданған.

Бұдан басқа, сотқа дейінгі тергеу барысында 2022 жылғы 24 наурызда № 072 сот құрылыс-экономикалық сараптамасының қорытындысына сәйкес, Аққулы ауданы бөлімінің ғимаратын ағымдағы жөндеу бойынша «Винтрейд» ЖШС орындамаған жұмыстарының құны 604 498 теңгені құрайтыны анықталды.

Сонымен қатар «Винтрейд» ЖШС Мемлекеттік корпорацияның шотына 604 498 теңге сомасында ақша қаражатын, «Trans Light» ЖШС өкілі Мемлекеттік корпорацияның шотына 5 823 156 теңге сомасында ақша қаражатын енгізген.

2021 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды зерделеу мақсатында, Ішкі қауіпсіздік департаменті Павлодар филиалына сұрақтар қойылып хат жолдаған, оларға жан-жақты және объективті талдау жүргізу үшін толық жауаптар ұсыну қажет.

Нәтижесінде, Павлодар филиалы ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша ұсыныстарсыз, тек талап қою жұмысының нәтижелері ғана



камтылған ресми жауап ұсынған, бұл аталған проблемалық мәселелерді шешуге мүдделіліктің жоқтығын, сондай-ақ жөндеу кезінде бақылаудың жоқтығын көрсетеді.

Бұл мән-жайлар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы Заңының, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының талаптарының сақталуын ешкім бақыламайды, ал басшылықтың өзі оларды бұзуға қатысады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жасалған қылмыстар төмендегілердің салдары болғанын атап өткен жөн:

- Мемлекеттік корпорация филиалының басшылығы тарапынан тиісті бақылаудың болмауы;

- Мемлекеттік корпорация филиалының басшылығы өз қатарында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты тиісінше ұйымдастырмауы.

4.7. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік сатып алу саласына қатысты жариялау бөлігінде БАҚ-пен жұмыс департаментінен 2022 жылдың жеті айында Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік сатып алуларына байланысты БАҚ-та теріс ақпарат жоқ екендігі туралы жауап алынды.

Диджитал-маркетинг және кері байланыс департаменті әлеуметтік желілерде 2020 жылғы 01 қаңтар мен 2022 жылғы 30 маусым аралығы кезеңінде Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметі туралы теріс жарияланымдардың жоқ екенін хабарлады.

4.8. Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасының 2021 жылғы 2 шілдедегі № 01-23-15/400 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратының Мемлекеттік сатып алу департаментінің (бұдан әрі - МСД) ережелерінің 2.2-тармағының 2.2.1) тармақшасына сәйкес, МСД функциясы Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік сатып алуды қамтамасыз ету болып табылады.

МСД функцияларын жүзеге асыру кезінде құқықтық бұзушылықтар жоқ, себебі мемлекеттік сатып алуды қамтамасыз ету процесі заңнамалық деңгейде айқындалған және «Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі.

Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары Мемлекеттік корпорация Басқармасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 01-02-04/28 шешімімен бекітілген Мемлекеттік корпорация құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының талаптарына сәйкес келеді.



Бұл ретте, Регламентте сатып алу бастамашысы кандидаттардың МСД өзінің өкілі ретінде ұсынатыны көзделген, бұдан басқа, конкурстық комиссияның төрағасы Басқарма төрағасының сатып алу бастамашысы қызметінің бағытына жетекшілік ететін орынбасары болып табылады. Көрсетілген факт Регламентте әлеуетті мүдделер қақтығысы тәуекелінің іске асырылуына мүмкіндік беретін нормалар бар екенін, бұл өз кезегінде алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

4.9. Сондай-ақ лотты қою кезінде көтеріңкі құнды көрсету орын алған, ол сатып алуды жүзеге асыру кезінде қосымша шығындарға әкеп соғуы мүмкін. Мәселен, 2022 жылғы мемлекеттік сатып алу жоспарында Комплаенс бақылау қызметінің жұмыскерлерін оқытуға 900 мың теңге көзделген, оқытуды өткізер алдында Комплаенс бақылау қызметі құны 649 мың теңге болатын коммерциялық ұсынысты қайтадан алған, алайда сатып алуды өткізуге өтінім беру кезінде 900 мың теңге сомасы көрсетілген. Бұл сома сатып алу жоспарында қарастырылғандығына байланысты болған.

Осыған байланысты, бюджетті ықтимал түзетуді қарастыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу жоспарларына сатып алуды бұзу қаупінсіз түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

4.10. Мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар бойынша 2020-2022 жылдардағы сот істерінің жалпы саны 585 істі құрады (№ 6 кесте), оның ішінде 541 іс немесе 92,3 % - өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап-арыздар, 30 іс немесе 5,1% - мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша сомаларды өндіріп алу бойынша, 14 іс немесе 2,3% - қойылған ТЖҚ қабылдау және/немесе ауыстыру және 1 істі немесе 0,3 % - шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы (№ 7 кесте).

2020-2022 жылдар кезеңінде өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы 541 талап-арыздың 218 немесе 40,3% - ы қанағаттандырылды, 320 талап-арыз немесе 59,1% бойынша бас тартылды немесе талап-арыздар қараусыз қалдырылды.

Бас тартудың немесе қараусыз қалдырудың негізгі факторы коронавирус пандемиясына (44 талап-арыз), Тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдардың болмауына (84 талап-арыз), шарттың орындалуына (105 талап-арыз) байланысты, елде ТЖ режимін енгізу болып табылады және 2 талап-арыз бойынша жауапкер мақсаты 2007 жылы БҰҰ қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның 26-бабының 1-тармағына сәйкес мүгедектерді еңбекке тарту болып табылатын ұйым болып табылатындығына байланысты бас тартылды.

2020 жыл мен 2022 жыл аралығы кезеңінде мемлекеттік сатып алу саласындағы өнім берушілерге қойылатын Мемлекеттік корпорацияның талап-арыздары бойынша 93 іс қараусыз қалдырылды, 234 іс бойынша бас



тартылды және 233 талап-арыз қанағаттандырылды, жылдар бөлінісінде мәліметтер осы Талдамалық анықтамаға № 8 кестеде көрсетілді.

Сонымен бірге өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану бөлігінде талап-арыздардың көп саны Қағидалардың және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның талаптарына байланысты, онда бұзушылық анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші сотқа жүгінуге міндетті екені көзделген, бұл ретте тәжірибе талап-арыздардың 35% - дан астамында шарттың орындалуына немесе теріс салдарлардың болмауына байланысты бас тартылғанын көрсетеді.

2020 жыл мен 2022 жыл аралығы кезеңінде Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік сатып алу саласында өнім берушілердің талап-арыздары бойынша 1 іс қараусыз қалдырылды, 14 талап-арыздан бас тартылды және 7 талап-арыз қанағаттандырылды, 2 талап-арыз ішінара қанағаттандырылды, жылдар бөлінісіндегі мәліметтер осы талдамалық анықтаманың № 9 кестесінде көрсетілген.

Соттардың талап-арыздарды қарау нәтижелері бойынша, 14 талап-арыз бойынша немесе 60,9% талап-арыздардан бас тартылды және қараусыз қалдырылды, 7 талап-арыз бойынша немесе 30,4% талап қанағаттандырылды және 2 талап-арыз бойынша немесе 8,7% ішінара қанағаттандырылды, Мемлекеттік корпорацияның талап-арыздары 80% - дан астам қанағаттандырылды немесе шарттың орындалуына байланысты бас тартылды.

Жалпы, бұл көрсеткіштер Мемлекеттік корпорацияға қатысты талаптардың 60% - дан астамында талапкерлерге бас тартылғанын көрсетеді.

## **5. Қорытынды**

Жиналған материалдарды талдау мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде де, мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша да жол берілген бұзушылықтардың бар екендігін көрсетеді.

Бұл бұзушылықтар өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табудың кең таралған әдістерінің бірі болып табылады.

Шарттар жасасқанға дейінгі сатып алу процесіндегі бұзушылықтар, сондай-ақ жасалған шарттар бойынша аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар сатып алу тәсілін таңдаудан, конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті дұрыс жасамаудан, конкурстарға жіберуден және біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілермен шарттар жасасудан бастап, бұзушылықтардың көпшілігі, сондай-ақ орындалған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдау бөлігіндегі бұзушылықтар бірдей болып табылатынын көрсетеді.

Осы анықтаманы дайындау кезінде ІАҚ-дан орындау мерзімі басталған, берілген ұсынымдардың 100% - ға орындалғаны туралы мәліметтер алынды (64 ұсынымның 64-і).





Алайда, қайталанатын бұзушылықтарды ескере отырып, алдағы уақытта мұндай бұзушылықтарды болдырмау үшін, жалпы Мемлекеттік корпорация бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет, яғни алдын алу шаралары ретінде жалпы бүкіл Мемлекеттік корпорацияға мұндай бұзушылықтарды болдырмау үшін ұсынымдар қарастыру қажет.

Техникалық ерекшеліктерді жасау кезінде де, МСБ тарапынан заңнаманың сәйкестігін тексеру кезінде де, сондай-ақ конкурстық комиссиялардың қарауы кезінде де және орындалған шарттарға ақы төлеу кезінде шартты орындағаннан кейін де бұзушылықтар анықталған жоқ, яғни қолда бар бақылау құралдары және конкурстық комиссияның жұмыскерлері мен мүшелерінің біліктілігі аталған фактілерге жол бермеу үшін жеткіліксіз болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, сондай-ақ жол берілген бұзушылықтар Мемлекеттік корпорацияның бедел тәуекелдерін бірнеше ретке арттырады және әлеуетті өнім берушілердің Мемлекеттік корпорацияға деген сенімсіздігін тудыруы мүмкін. Бағдарламалық қамтылымды жыл сайын сатып алуға байланысты бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу мүмкіндігінің болмауы БАҚ-та теріс ақпараттың болуын объективті бағалау мүмкіндігінен айырады.

Сондай-ақ лотты қою кезінде артық құнды көрсету де орын алған, ол сатып алуды жүзеге асыру кезінде қосымша шығындарға әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты, дұрыс жоспарлауға ерекше назар аудару, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу жоспарларына сатып алуды бұзу тәуекелінсіз түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

## **6. Анықталған тәуекелдер**

1) Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша дұрыс емес техникалық ерекшеліктердің әзірленуі.

Аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелінің іске асырылу факторлары мынадай бұзушылықтар болып табылады:

- әлеуетті өнім берушілерге қойылатын артық біліктілік талаптары;
- шарттық міндеттемелерді орындау мерзімінің күнтізбелік он бес күннен кем көрсетілуі;
- ұлттық стандарттардың немесе мемлекетаралық стандарттардың, белгілі бір дайындаушының немесе өзге өндіруші елдің стандарттарының орнына техникалық ерекшелікте дұрыс көрсетілмеуі.

2) белгілі бір өнім берушіні мүдделік қолдау

Осы сыбайлас жемқорлық тәуекелінің іске асырылу факторлары:

- техникалық сипаттамадағы нақты сипаттамаларды айқындау;
- жеткізудің ең қысқа мерзімдерін көрсету;
- қосымша талаптарды белгілеу.

3) Шарттың нақты орындалуынсыз жұмыстарға ақы төлеу.



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің іске асырылу факторы жеке баю мақсатында, орындалған жұмыстардың жалған актілеріне қол қою болып табылады.

- Жұмыстардың орындалуын, қызметтің көрсетілуін немесе тауардың жеткізілуін растайтын құжаттардың болмауы.

4) Конкурстық комиссия мүшелерінің мүдделер қақтығысы.

Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің іске асырылу факторлары мынадай бұзушылықтар болып табылады:

- бастамашының техникалық ерекшелікті әзірлеуі, сондай-ақ бастамашының конкурстық комиссияның мүшесі ретінде өнім берушіні одан әрі таңдауына қатысу, сондай-ақ конкурстық комиссияның мүшесі ретінде сатып алу бастамашысының өкілі ретінде мүдделі (жақын, сенімді) тұлғаларды тарту мүмкіндігі;

- конкурстық комиссияға жетекшілік ететін бөлімшелердің, сондай-ақ конкурстық комиссияның мүшелері болып табылатын жұмыскерлермен бірлесіп, Басқарма төрағасы орынбасарының/Басқарма мүшесінің (өткізілетін сатып алудың жетекшілік ететін бағыты бойынша) Конкурстық комиссияның төрағасы ретінде қатысуы.

## **7. Талдамалық анықтаманы жіберу**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма төрағасына.

Анықтаманы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ сайтында орналастыру.



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

**Мемлекеттік сатып алу саласында  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың  
талдамалық анықтамасына  
қосымшалар**

№ 1 кесте. 2020 – 2022 жылдардағы бұзушылық түрлері

№	Бұзушылықтың атауы	Бұзушылықтар саны
1	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі	14
2	Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілердің конкурсқа жіберілуі	7
3	Жұмыстарды орындау құнының арттырылуы	4
4	Тапсырыс беруші сатып алу әдісін дұрыс таңдамаған	6
5	Комиссия мүшелерінің КҚ сапасыз қарауы	1
6	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру	29
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>61</b>

№ 2 кесте. 2020 - 2022 жж. сатып алу сомасы

№	Жыл	Шарттар саны	Сомасы
1	2020 жыл	8 598	27 975 009 266,31
2	2021 жыл	7 997	32 827 746 516,07
3	2022 жылдың 7 айы	6021	25 953 631 474,41
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>22 616</b>	<b>86 756 387 256,79</b>

№ 3 кесте. 2020-2022 жылдардағы бұзушылықтар сомасы

№	ҚБ / Филиал	Бұзушылықтардың жалпы сомасы	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Қызылорда облысы	7 629 262	7 629 262		
2	Ақмола облысы	72 304 016	40 338 569	9 105 712	22 859 735
3	Ақтөбе облысы	28 654 314		800 000	27 854 314
4	Алматы облысы	20 397 766	12 309 712	8 088 054	
5	Атырау облысы	114 294 492	104 036 974	3 410 948	6 846 570
6	Шығыс Қазақстан облысы	51 777 475	2 918 400		48 859 075
7	Алматы қ.	23 821 234	2 200 000	21 621 234	
8	Нұр-Сұлтан қ.	11 155 583		7 071 833	4 083 750
9	Жамбыл облысы	2 835 000		2 835 000	
10	Батыс Қазақстан облысы	16 060 512	9 527 550	6 532 962	
11	Қарағанды облысы	7 732 126	5264000	2 468 126	
12	Маңғыстау облысы	2 107 998			2 107 998
13	Павлодар облысы	31 382 123	6 600 000	19 746 760	5 035 363
14	Солтүстік Қазақстан облысы	40 383 814	11 081 314	4 800 000	24 502 500
15	Түркістан облысы	18 241 421	18 241 421		
16	Орталық аппарат	906 631 604	836 987 314	69 644 290	
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>1 355 408 740</b>	<b>1 057 134 516</b>	<b>156 124 919</b>	<b>142 149 305</b>



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

№ 4 кесте. 2020-2022 жж. ҚБ/филиалдар бойынша бұзушылықтардың атауы

№	БК / филиал, бұзушылық түрі	2020	2021	2022	Жалпы қорытынды
<b>1</b>	<b>Қызылорда облысы</b>	<b>1</b>			<b>1</b>
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру	1			1
<b>2</b>	<b>Ақмола облысы</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>6</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі			2	2
	Жұмыстарды орындау құнының арттырылуы	1			1
	Тапсырыс беруші сатып алу әдісін дұрыс таңдамаған		1		1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру		1	1	2
<b>3</b>	<b>Ақтөбе облысы</b>		<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
	Жұмыстарды орындау құнының арттырылуы		1		1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру			2	2
<b>4</b>	<b>Алматы облысы</b>	<b>2</b>	<b>2</b>		<b>4</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі	2			2
	Тапсырыс беруші сатып алу әдісін дұрыс таңдамаған		1		1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру		1		1
<b>5</b>	<b>Атырау облысы</b>	<b>8</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>12</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі	3			3
	Тапсырыс беруші сатып алу әдісін дұрыс таңдамаған		1	1	2
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру	5	2		7
<b>6</b>	<b>Шығыс Қазақстан облысы</b>	<b>1</b>		<b>2</b>	<b>3</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі	1			1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру			2	2
<b>7</b>	<b>Алматы қ.</b>	<b>1</b>	<b>2</b>		<b>3</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі	1			1
	Жұмыстарды орындау құнының арттырылуы		1		1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру		1		1
<b>8</b>	<b>Нұр-Сұлтан қ.</b>		<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>
	Тапсырыс беруші сатып алу әдісін дұрыс таңдамаған			1	1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру		1		1
<b>9</b>	<b>Жамбыл облысы</b>		<b>1</b>		<b>1</b>
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру		1		1
<b>10</b>	<b>Батыс Қазақстан облысы</b>	<b>2</b>	<b>2</b>		<b>4</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі	1	1		2
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру	1	1		2
<b>11</b>	<b>Қарағанды облысы</b>	<b>1</b>	<b>1</b>		<b>2</b>
	Тапсырыс беруші сатып алу әдісін дұрыс таңдамаған	1			1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру		1		1



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

<b>12</b>	<b>Маңғыстау облысы</b>			<b>1</b>	<b>1</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі			1	1
<b>13</b>	<b>Павлодар облысы</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>6</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі			1	1
	Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілердің конкурсқа жіберілуі		1		1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру	2	2		4
<b>14</b>	<b>Солтүстік Қазақстан облысы</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>5</b>
	Жұмыстарды орындау құнының арттырылуы	1			1
	ТЕ және КҚ-ны дұрыс әзірлемеу, орналастыру	2	1	1	4
<b>15</b>	<b>Түркістан облысы</b>	<b>1</b>			<b>1</b>
	Әлеуетті өнім берушілердің санын шектейтін шарттардың белгіленуі	1			1
<b>16</b>	<b>ОА</b>	<b>3</b>	<b>4</b>		<b>7</b>
	Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілердің конкурсқа жіберілуі	3	3		7
	Комиссия мүшелерінің КҚ сапасыз қарауы		1		1
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>26</b>	<b>23</b>	<b>12</b>	<b>61</b>

№ 5 кесте. 2018-2022 жж. ҚБ/филиалдар бойынша ІАҚ бұзушылықтарының атауы

№	Филиал, бұзушылықтың атауы	2018	2019	2020	2021	2022	Жалпы қор-ды
<b>1</b>	<b>Алматы қ.</b>	<b>2</b>	<b>41</b>	<b>14</b>	<b>5</b>		<b>62</b>
	Баға нарығын тиісті талдаусыз және/немесе маңызды техникалық сипаттамасыз бір көзден сатып алу		3	2	2		7
	Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есептер орналастырылмаған			9			9
	Баға анықтамалығын дұрыс жүргізбеу			1			1
	Сатып алуды дұрыс жоспарламау		2	1			3
	Техникалық ерекшелікті дұрыс жасамау		9				9
	Сатып алу әдістерін дұрыс таңдамау				1		1
	Өнім берушінің конкурстық құжаттамаға және техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуі				2		2
	Техникалық ерекшелікте көзделген жұмыстарды, көрсейтін қызметтерді орындау туралы Тапсырыс беруші бекіткен/келіскен есептер/құжаттар жоқ	2	27	1			30
<b>2</b>	<b>Нұр-Сұлтан қ.</b>	<b>1</b>	<b>12</b>	<b>22</b>			<b>35</b>
	Баға нарығын тиісті талдаусыз және/немесе маңызды техникалық сипаттамасыз бір көзден сатып алу			4			4
	Техникалық ерекшелікті дұрыс жасамау			2			2
	Сатып алу жоспарын уақтылы орындамау		1				1
	Өнім берушінің конкурстық құжаттамаға және техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуі			5			5



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

	Техникалық ерекшелікте көзделген жұмыстарды, қызметтерді орындау туралы Тапсырыс беруші бекіткен/келіскен есептер/құжаттар жоқ	1	11	10			22
	Техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау			1			1
<b>3</b>	<b>Шымкент қ.</b>	<b>2</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>19</b>
	Баға нарығын тиісті талдаусыз және/немесе маңызды техникалық сипаттамасыз бір көзден сатып алу			2	1		3
	Сатып алуды дұрыс жоспарламау	2	4	2			8
	Сатып алу әдісін дұрыс таңдамау		1	2			3
	Өнім берушінің конкурстық құжаттамаға және техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуі					1	1
	Техникалық ерекшелікте көзделген жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындау туралы Тапсырыс беруші бекіткен/келіскен есептер/құжаттар жоқ		1	1	1		3
	Техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау				1		1
<b>4</b>	<b>АТЗЖКІЖД</b>		<b>1</b>				<b>1</b>
	Техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау		1				1
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>5</b>	<b>60</b>	<b>43</b>	<b>8</b>	<b>1</b>	<b>117</b>

№ 6 кесте. Соттың атауы, 2020 – 2022 жж. қаралған істер саны

№	Соттың атауы	Саны
1	Жоғарғы Сот	1
2	Маңғыстау облысы Маңғыстау облыстық соты	1
3	Ақмола облысының МАЭС	26
4	Ақтөбе облысының МАЭС	65
5	Алматы облысының МАЭС	9
6	Атырау облысының МАЭС	30
7	ШҚО МАЭС	54
8	Алматы қ. МАЭС	71
9	Нұрсұлтан қ. МАЭС	64
10	Шымкент қ. МАЭС	25
11	Жамбыл облысының МАЭС	13
12	БҚО МАЭС	24
13	Қарағанды облысының МАЭС	16
14	Қостанай облысының МАЭС	25
15	Қызылорда облысының МАЭС	32
16	Маңғыстау облысының МАЭС	3
17	Маңғыстау облысының МАЭС	40
18	Павлодар облысының МАЭС	33
19	СҚО МАЭС	17
20	Түркістан МАЭС	30



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

21	Түркістан МАЭС	2
22	Түркістан облысының МАЭС	4
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>585</b>

№ 7 кесте. Талап-арыздың мәні

№	Талап-арыздың мәні	Саны
1	Өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы	540
2	Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша сомаларды өндіріп алу (тұрақсыздық айыбы, залал және т. б.)	30
3	Шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы	1
4	Құбырларды қабылдау, ауыстыру туралы	14
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>585</b>

№ 8 кесте. Мемлекеттік корпорацияның жеткізушілерге 2020 – 2022 жылдарға арналған талап-арыздары

№	Сот шешімі	2020	2021	2022	Жалпы қорытынды
1	қарауда			2	2
2	қараусыз қалдырылды	45	16	32	93
3	бас тартылды	129	66	39	234
4	қанағаттандырылды	72	115	46	233
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>246</b>	<b>197</b>	<b>119</b>	<b>562</b>

№ 9 кесте. Мемлекеттік корпорацияға жеткізушілердің 2020 – 2021 жылдарға арналған талаптары

№	Сот шешімі	2020	2021	Жалпы қорытынды
1	қараусыз қалдырылды		1	1
2	бас тартылды	4	10	14
3	қанағаттандырылды	3	4	7
4	ішінара қанағаттандырылды	2		2
<b>Жалпы қорытынды</b>		<b>9</b>	<b>15</b>	<b>24</b>